

Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға тіс протездеуге әлеуметтік көмекті қосымша белгілеу жөнінде

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 1 қазандағы N 235 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 5 қазанда N 13-7-114 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы N 437 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 31.12.2014 N 437 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына, "Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, мүгедектерге және оларға теңестірілген тұлғаларға женілдіктер және әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі 20-бабына, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихаттың 2008 жылдың 25 желтоқсандағы № 13/2 "2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы" шешімі, жергілікті өкілдегі органдардың шешімі бойынша азаматтардың бір қатар категорияларына әлеуметтік көмек көрсетуге бюджеттен қаржының бөлінуіне байланысты, Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен оған теңестірілген тұлғаларды қосымша әлеуметтік қолдау мақсатымен аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қосымша іс-шара ретінде Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне әлеуметтік қорғау бойынша тіспротездеудің құны мөлшерінде әлеуметтік көмек ұсынылсын.
2. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығына Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне тіспротездеуге әлеуметтік көмекті тағайындауды және төлеуді ұйымдастырысın.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК